

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 199 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 ақпанда № 31963 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 637 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.10.2025 № 637 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.10.2025 № 640 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген):

Осы бұйрықпен бекітілген Жеке шоттарын жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жеке шоттарын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 97-бабы 2 және 7-тармақтарына, 100-бабының 2-тармағына, 101-бабының 7-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және салық төлеушілердің (салық агенттерінің) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жеке шоттарын жүргізу және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдарында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді есепке алу тәртібін, оның ішінде:

1) "Бюджетпен есеп айырысулар жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме беру";

2) "Есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру";

3) "Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалармен айқындалатын мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, тиісті нормативтік құқықтық актілері әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушілерге, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс-орталығына жолдайды.";

147-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"147. "Бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушілерге бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме алуға сұрауды www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жолдайды.";

148-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"148. "Бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме беру" және "Есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбелері осы Қағидаларға 16 және 17 қосымшаларында келтірілген.";

151 және 152-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"151. Келіп түскен құжаттарды тіркеу осы Қағидаларға 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ОБЖШ АЖ-де көрсетілген қызметті беруші жүргізетін жеке шоттан көшірме беру және берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді сұрауларын тіркеу журналында автоматты түрде жүзеге асырылады

152. Көрсетілетін қызметті алушының сұрауы бойынша осындай сұрау келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушімен осы Қағидаларға 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме электронды түрде ұсынылады.";

166 және 167-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"166. "Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы, сондай-ақ www.egov.kz "электрондық Үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы жүгінеді.

167. "Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл, айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 22-қосымшасында келтірілген.";

168-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"168. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 22-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағымен көзделген құжаттарды ұсынады.";

жетінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 22-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген толық емес құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға табыс еткен кезде, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкер тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), өтінішті беру күні және уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарды беру күні көрсетілген, тиісті құжаттарды қабылдау туралы мониторингтің ақпараттық жүйесі тағайындаған штрих-коды бар қолхат беріледі.";

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушылар құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға келу тәртібімен тапсырған кезде, Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьер қызметі арқылы, және (немесе) пошта байланысы, және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы жолдайды.";

он үшінші және он төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электронды түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматты түрде жүргізіледі. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 22-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген толық емес құжаттар топтамасын электронды түрде ұсынған және (

немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес тыңдау жүргізбей, электронды түрде ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген толық емес құжаттар топтамасын қағаз тасығышта ұсынған және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ӘРПК 73-баптың талаптарын сақтап, қағаз тасығышта ұсынылған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

жиырма жетінші және жиырма сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру оның жұмыс кестесіне сәйкес, жеке басын куәландыратын құжатты, немесе цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатты, не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілген мерзімде алуға келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін мерзімінде талап етілмеген құжаттардың қабылдау орны бойынша сақталуын қамтамасыз етеді.";

осы Қағидаларға 16, 17, 18 және 22-қосымшалар жаңа редакцияда осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген шаралардың орындалуы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

"ҚЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 22 ақпандағы
№ 199 бұйрығына
1-қосымша
Жеке шоттарын
жүргізу қағидаларына
16-қосымша

"Бюджетпен есеп айырысулар жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы жеке шоттан үзінді көшірме беру" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	сұрау келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	көрсетілетін қызметті беруші лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында үзінді көшірме немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлеу мөлшері және Қазақстан	

	Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30–ға дейін; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексі және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және деректер тізбесі	көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электронды құжат нысанында сұрау
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

9	Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметтерді ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. "Электрондық үкімет" веб-порталда жаңылыс не техникалық ақаулар анықталған

	ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қажет: 8-800-080-7777 немесе 1414. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы www.kgd.gov.kz "Салық төлеушінің кабинетінде" алуға мүмкіндігі бар.
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 22 ақпандағы
№ 199 бұйрығына
2-қосымша
Жеке шоттарын
жүргізу қағидаларына
17-қосымша

"Есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	салықтық өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	көрсетілетін қызметті беруші лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында берешектің жоғы (бары) туралы мәліметтерді электронды түрде беру немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді

		көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлеу мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30–ға дейін; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексі және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;
- 6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметтерді ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "

10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. "Электрондық үкімет" веб-порталда жаңылыс не техникалық ақаулар анықталған жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қажет: 8-800-080-7777 немесе 1414. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы www.kgd.gov.kz "Салық төлеушінің кабинетінде" алуға мүмкіндігі бар.
----	---	--

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 22 ақпандағы
№ 199 бұйрығына
3-қосымша
Жеке шоттарын
жүргізу қағидаларына
18 - қосымша

нысан

Мемлекеттік органының атауы _____

20__ жыл үшін жеке шоттан үзінді көшірме беруге және есебі мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтерді алуға сұрауларды тіркеу журналы

№	Жазу күні	Көрсетілетін қызметті алушының атауы	БСН/ЖСН	Сұраудың түскен күні	Сұрау №	Құрастыру мақсаты	Ұсынылатын орган	Құрастыру күні	Беру күні

Ескерту: қысқартуларды таратып жазу:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 22 ақпандағы
№ 199 бұйрығына
1-қосымша
Жеке шоттарын
жүргізу қағидаларына
22 - қосымша

"Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтары бойынша аумақтық органдары; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал); 4) "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы.
		салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызу көрсетілетін қызметті алушы салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздар мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізуге салықтық өтінішті (бұдан әрі – салықтық өтініш) және құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды; салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке жатқызу, қайтару көрсетілетін қызметті

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	алушы қате сомалар бойынша салықтық өтінішті және осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі; салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару көрсетілетін қызметті алушы салықтық өтінішті және құжаттарды берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі; салық салу, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын оны жою немесе мөлшерін азайту салдарынан, сондай-ақ артық төленген соманы қайтару көрсетілетін қызметті алушы салықтық өтінішті және құжаттарды табыс еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі; сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың , бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару, қайтаруға өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі; мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтару, қайтаруға арналған салықтық өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде

Мемлекеттік қызметті көрсету
нәтижесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі:

салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомаларын есепке жатқызу;

қате төленген соманы бюджеттік сыныптаманың тиісті кодына және (немесе) тиісті мемлекеттік кірістер органына есепке жатқызу;

салықтың, бюджетке төленетін төлемнің және өсімпұлдың артық төленген сомасын, сондай-ақ салықтың, бюджетке төленетін төлемнің қате төленген сомаларын салық төлеушінің банк шотына қайтару;

салық салу, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын, оны жою немесе мөлшерін азайту салдарынан салық төлеушінің банк шотына қайтару;

сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын салық төлеушінің банк шотына қайтару;

мемлекеттік баждың артық төленген сомасын оны төлеу орны бойынша бюджеттік сыныптаманың тиісті кодынан салық төлеушінің банк шотына қайтару;

қатені растамау туралы жазбаша хабарлама-мемлекеттік кірістер органы аудару кезінде қателердің бар-жоғын растамаған жағдайда;

көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік баж сомасын қайтаруды жүзеге асырғаннан кейін – салық төлеушіге және (немесе) мемлекеттік мекемеге сот шешімінің орындалуы туралы хабарлама;

		ұсынылған салықтық өтініш негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету барысында осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру: 1) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бап талаптарын сақтап, қағаз тасығышта ұсынылған; 2) ӘРПК 73-бабы 2-тармағы 7) тармақшасына сәйкес тыңдау жүргізбей, портал арқылы ұсынылған. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлеу мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30–ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала

7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі	жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген; 2) портал, "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексі және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұмаға дейін, үзіліссіз, сағат 09.00–ден 18.00–ға дейін қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 09.00–ден 20.00–ға дейін қоса алғанда және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ға дейін, Еңбек кодексі және Мерекелер туралы заңға сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда. Қабылдау "электрондық" кезек тәртібінде, жеделдетілген қызметті көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жүргізіледі, электрондық кезекті брондау мүмкіндігі бар.
		1) "Салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 160 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде №16425 болып тіркелді) (бұдан әрі – Бұйрық) 15-қосымшаға сәйкес нысандағы салықтық өтініш; 2) салық салу, зейнетақымен камсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан

Республикасының заңнамалары саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – айыппұлдың заңсыз салынуы салдарынан оның күшін жоюды немесе мөлшерін азайтуды көздейтін заңды күшіне енген сот шешімі немесе жоғары тұрған уәкілетті органының (лауазымды тұлғаның) шешімі;

3) бюджетке төленген тіркеу үшін алым сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін – көрсетілетін қызметті алушының тіркеу іс-қимылдарын жасауға құжаттарды табыс етпегенін растайтын тиісті тіркеуші орган берген құжат;

4) орманды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін – орманды пайдалануға орман билетін, ағаш кесу билетін пайдаланбағандығын растайтын мемлекеттік орман иелері берген құжат;

5) бюджетке төленген мемлекеттік баж сомасын қайтару үшін – оны қайтару үшін негіз болып табылатын тиісті органның құжаты;

6) оның пайдасына іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өтеу туралы соттың шешімі шыққан, мемлекеттік баж сомасын төлеушіге қайтару үшін – заңды күшіне енген сот шешімі;

7) сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – салықтың , бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленгені туралы төлем құжаты және заңды күшіне енген сот шешімі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар және деректер тізбесі

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен іске асырылған интеграциялау арқылы порталдың хабарламасына жауап ретінде бір реттік құпия сөз жіберу жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарлау жолдау жолымен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы құжат иесінің келісімімен цифрлық құжаттарды алады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданған құжаттар тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкер тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), өтінішті беру күні және уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарды беру күні көрсетілген, тиісті құжаттарды қабылдау туралы мониторингтің ақпараттық жүйесі тағайындаған штрих-коды бар қолхат беріледі.

Портал арқылы берген кезде:

1) салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы Бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды құжат нысанындағы салықтық өтініш;

2) салық салу, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – айыппұлдың заңсыз салынуы салдарынан оның күшін жоюды немесе мөлшерін азайтуды көздейтін заңды күшіне енген сот шешімінің немесе жоғары тұрған уәкілетті органының (лауазымды тұлғаның) шешімінің электрондық көшірмесі;

3) бюджетке төленген тіркеу үшін алым сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін – көрсетілетін қызметті алушының

тіркеу іс-қимылдарын жасауға құжаттарды табыс етпегенін растайтын тиісті тіркеуші орган берген құжаттың электрондық көшірмесі;

4) орманды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін – орманды пайдалануға орман билетін, ағаш кесу билетін пайдаланбағандығын растайтын мемлекеттік орман иелері берген құжаттың электрондық көшірмесі;

5) бюджетке төленген мемлекеттік баж сомасын қайтару үшін – оны қайтару үшін негіз болып табылатын тиісті орган құжатының электрондық көшірмесі;

6) оның пайдасына іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өтеу туралы соттың шешімі шыққан, мемлекеттік баж сомасын төлеушіге қайтару үшін – бюджетке мемлекеттік баж сомасының төленгені туралы төлем құжаты мен заңды күшіне енген сот шешімінің электрондық көшірмесі;

7) сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – салықтың , бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленгені туралы төлем құжаты және заңды күшіне енген сот шешімі.

Көрсетілген қызмет алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді .

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік

		қызметі көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. Салықтық өтініш көрсетілетін қызметті берушіге: 1) салықтардың, төлемдердің, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдардың артық төленген сомаларын қайтару, есепке жатқызуды жүргізу үшін – салық төлеушінің жеке шоты бойынша артық төленген сома есептелген болса; 2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің қате төленген сомаларын есепке жатқызу, қайтару үшін – салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді қате төленген сомасы болса; 3) салық салу, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын, сондай-ақ артық төленген соманы қайтару үшін – қайтарылуға жататын айыппұл сомасы жеке шот бойынша есептелетін айыппұл сомасы болса ұсынылады.
		Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде бас тартуға: 1) есепке жатқызу: заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшесі арасындағы есепке жатқыздан басқа, салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

артық төленген (өндіріп алынған) сомасы басқа салық төлеушінің салықтық берешегін өтеу есебіне; мемлекеттік баждың төленген сомасы;

2) есепке жатқызу және қайтару:

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүргені үшін алымның, консулдық алымның, мыналар үшін:

жер учаскелерін пайдаланғаны, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттің жер қойнауы учаскесін бергені, жануарлар дүниесін пайдаланғаны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомасы, осындай сомалардың қате төленген жағдайларын қоспағанда;

есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарлар үшін акциздердің артық төленген сомасы, салық төлеушінің осындай тауарларды өндіру жөніндегі қызметін тоқтату және бұрын алынған есепке алу-бақылау маркаларын қабылдау-беру актісі бойынша мемлекеттік кірістер органына қайтару жағдайларын қоспағанда; артық төленген (өндіріп алынған) салық, жер учаскелерін пайдаланғаны, жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны, қоршаған ортаға теріс әсер үшін төлем сомасы – осындай салықтар, төлемдер бойынша салық есептілігін табыс ету мерзімі оны табыс ету күніне дейін ұзартылған жағдайда;

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген аукционды өткізу қағидаларын бұзуға байланысты аукцион жеңімпазын анықтауға әсер еткен осы аукционды

		жарамсыз деп тану жағдайын қоспағанда, қол қойылған бонустың төленген сомасы; талап қою мерзімінің өтуі; салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасының болмауы негіз болып табылады; "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында көзделген негіздердің бар болуы негіз болып табылады.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қол жетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильді қосымшада электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік құпия сөзді қолданып авторландыру өту керек, одан кейін "Цифрлық құжат" тарауына өтіп қажетті құжатты таңдау керек.